

3 тақырып. Қаржылық есептілікті дайындаудың және ұсынудың принциптері (№1 ҚЕХС)

Мақсаты:

Кәсіпорынның қаржылық есептілігін дайындаудың негізгі шарттарымен танысу.

Міндеттері:

Қаржылық есептілігін құрастырудың мақсатын анықтау;
Қаржылық есептілігін құрастырудың компоненттері;
Қаржылық есептілікті құрастырудың принциптері.

Дәріс жоспары:

1. Қаржылық есептіліктің бағытталуы.
2. Қаржылық есептіліктің элементтері.
3. Қаржылық есептілікті құрастырудың негізгі принциптері.

Пайдаланатын оқулықтар:

1. Халықаралық қаржылық есеп стандарттары. ХҚЕС ресми толық аудармасы, 2005 ж. 1 қаңтарындағы жағдай бойынша. М: Аскери 2006 ж.
2. Кеулімжаев Қ.К. "Қаржылық есеп" Алматы, 2001.
3. Радостовец В.К. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. «Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп» Алматы, 2004.
4. Нурсеитов Э.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп «ЛЕМ» баспасы . 2006ж.

Жалпы мақсаттағы қаржы есептілігі - бұл өздерінің нақты ақпараттық қажеттіліктеріне сай келетін есептіліктің ұсынылуын талап етуге мүмкіндігі жоқ пайдаланушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған есептілік.

Қаржы есептілігі ұйым қызметінің қаржы жағдайы мен қаржы нәтижелерінің **құрылымдалған ұсынуы** болып табылады.

Жалпы мақсаттағы қаржы есептілігінің мақсаты экономикалық шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушылардың қалың тобы үшін пайдалы ұйымның қаржы жағдайы, қызмет нәтижелері мен ақшалай қаражатының қозғалысы туралы ақпарат беру болып табылады. Қаржы есептілігі сондай-ақ ұйым басшылығына сеніп тапсырылған ресурстарды басқару нәтижелерін де көрсетеді.

Қаржылық есептіліктің элементтері.

Қаржылық есептіліктің элементтері.

Осы мақсатқа жету үшін қаржы есептілігі ұйымның мынадай көрсеткіштері туралы ақпарат береді:

- (a) активтер;
- (b) міндеттемелер;
- (c) өз капиталы;
- (d) пайдалар мен залалдарды қоса, кірістер мен шығыстар;
- (e) өз капиталындағы басқа да өзгерістер;
- (f) ақшалай қаражаттың қозғалысы.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

Қаржы есептілігінің толық жинақталымы мыналарды қамтиды:

- (a) *баланс;*
- (b) *пайдалар мен залалдар туралы есеп;*
- (c) *өз капиталында мыналарды көрсететін өзгерістер туралы есеп*
- (d) *ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп;*

Қызметтің үздіксіздігі

Қаржы есептілігін әзірлеген кезде ұйымның басшылығы ұйымның өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға міндетті. Қаржы есептілігі, егер ұйымның басшылығы не ұйымды таратуға, немесе оның қызметін тоқтатуға өзі ниет еткен, не бұлай жасаудан басқа нақты баламасы болмағандықтан, осындай іс-әрекет тәсілін таңдауға мәжбүр болған реттерді қоспағанда, міндетті түрде қызметтің үздіксіздігі негізінде жасалуға тиіс. Егер ұйымның басшылығы бағалау барысында бұдан былай ұйымның қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетіне едәуір күмән туғызуы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі тұрлаусыздықтар туралы оған мәлім болса, бұл тұрлаусыздықтар қаржы есептілігінде міндетті түрде ашып көрсетілуге тиіс. Егер қаржы есептілігі қызметтің үздіксіздігіне жол беру негізінде жасалмаса, бұл факт есептілік жасалған негізбен және ұйым үздіксіз іс-әрекет етеді деп есептелмейтін себеппен қатар, міндетті түрде ашып көрсетілуге тиіс.

Есептеу әдісі бойынша есепке алу

Ұйым, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы ақпаратты қоспағанда, есептеу әдісі бойынша есепке алу ережелерін қолданып, қаржы есептілігін жасауға міндетті.

Ұсынудың жүйелілігі

Қаржы есептілігінде баптарды ұсыну және сыныптау міндетті түрде бір кезеңнен келесі кезеңге сақталуға тиіс, оған мынадай реттер кірмейді:

ұйым қызметі сипатының едәуір өзгеруі немесе оның қаржы есептілігін қайта қарау нәтижесінде - 8 IAS-Халықаралық стандарттың есеп саясатын іріктеу және қолдану өлшемдерін ескере отырып, басқа ақпаратты ұсыну немесе басқа сыныптау неғұрлым қолайлы екендігі анық;

немесе

(b) қандай да болсын Стандарт немесе Түсіндірме ұсынуда өзгерістерді талап етеді.

Елеулілік және қорыту

Ұқсас баптардың әрбір елеулі сыныбы қаржы есептілігінде міндетті түрде жеке ұсынылуға тиіс. Ұқсас емес сипаттағы немесе мақсаттағы баптар, егер олар елеулі болып табылмайтын ретте ғана, міндетті түрде жеке ұсынылуға тиіс.

Өзара есепке алу

Активтер мен міндеттемелер және кірістер мен шығыстар өзара есепке алынбауға тиіс, бұған ол рұқсат етілген немесе қандай да болсын Стандарт немесе Түсіндірме талап ететін реттер кірмейді.

Салыстырмалы ақпарат

Қандай да болсын Стандарт немесе Түсіндірме қаржы есептілігінде көрсетілген барлық сомалар бойынша басқаға жол беретін немесе талап ететін реттерді қоспағанда, алдыңғы кезеңдегі салыстырма ақпарат міндетті түрде ашып көрсетілуге тиіс.

Салыстырма ақпарат, егер ол ағымдағы кезең ішіндегі қаржы есептілігін түсіну үшін орынды болса, міндетті түрде баяндау және сипаттау ақпараты қосылуға тиіс.